

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
**Corresponding author: sauletapanova@list.ru*

М.Дулатұлының публицистикалық еңбектеріндегі ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Аңдатпа. *Алаш ардагерлерінің публицистикалық еңбектерін зерделеп-зерттеу бүгінгі күннің басты міндеті болып қана қоймай, өткенімізге үңілуге, бүгінгімізді саралап, болашағымызға бағыт-бағдар жасауымыз үшін қажет. Әсіресе бұл міндеттің қазіргі тәуелсіздік жағдайында өмір сүріп, әлемге танымал бола бастаған еліміз үшін маңызы ерекше.*

Міржақып Дулатов демократтық бағытты ұстаған қазақ халқының ағартушысы болды. Өзінің «Оян, қазақ» поэтикалық манифесімен қатар, қазақ әдебиеті оқулығының жаңа әдістемесін жасап, ұлт мектептерінде оқытудың жаңа жобасын ұсынды. Оның идеялары қазақ халқының дамуын жаңа сатыға көтерді.

Міржақып Дулатовтың шығармашылығы көпқырлылығымен ерекшеленеді. Ол – ақын, көсемсөз шебері. Ол – аласапыран кезеңнің бар ауыртпалығын көрген, ұлтын ерекше сүйген қайраткер. Сондықтан Міржақып Дулатовтың шығармашылығын тұйықтап тастамай, сол кезең аясында, саяси-мәдени ортамен бірлікте, тұтастықта қарастыруға талпыныс жасадық.

Түйін сөздер: *қазақ баспасөзі, публицистика, мақала, ұлттық идея, бұқаралық ақпарат құралдары, «Қазақ» газеті, көсемсөз адам құқығы.*

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2023-142-1-59-65>

Кіріспе

Қазақ халқы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жаңа тарихи кезеңдерге қадам басты. Алғашқы қазақ кітаптары, ұлттық баспасөз құралдары, жаңаша мектептер пайда болып, ұлттық қозғалыс қалыптасты. Ресей түркілері арасындағы қоғамдық-саяси және ағартушылық қозғалыс – «жәдитизмнен» қазақ қоғамы да қағыс қалмады. Қазақтар арасында да жәдиттік бағыттағы ағартушылық қозғалыс барынша өркен жайып, Алаш идеясы өрістеді. Ұлтты ең алдымен ағартушылық һәм іскерлік жолға салу басты бағыт болды. Халықтың сана сезімі мен ұлттық мәдениетті көтере отырып теңдік пен еркіндікке жетуге тырысты. Бұл жолда, бұл бағытта қазақтың тұңғыш баспасөздерінің атқарған міндеті өте көп болды.

Санасы оянған жұрт мектеп-медресе салуға ұмтылыс жасады. Қолдан кеткен егемендікті қайта қолға алудың, қазақты жаңа сатыға көтерудің алғы шарттары жүзеге асты.

Жер – барлық материалдық игіліктің негізі, ал тіл – халықтың рухани тірегі. Бұл екі құндылықтың да баянды болуы оқу-білім арқылы келеді. Бүгінгі ұлттық идеямыздың негізін құрайтын үш таған: жер, тіл және білім.

Ұлттық идеяның пәрменділігі - оның қалың бұқараға түсінікті, мүддесіне сай болуында. Идеяның халыққа қаншалықты жақын, әрі сенімді болуы нәтижелілігінің жоғары болуын қамтамасыз етеді. Оқу-білімге ұмтылу халқымыздың көкейінен орын алып, қазақ даласында оқуға ұмтылғандар көбейіп, мектеп-медресе салуға ниетті азаматтар шыға бастады. Бұл азаматтарға арнап М.Дулатов «Мектеп-медреселер мәселесі» атты мақала жазды. Бұл мақалада осы тақырып төңірегіндегі сұрақтарға жауап беріп, мақсатын айқындады. «Мұсылман балаларына оқу, жазу үйретіп, ислам хакимдерін білдірмек, жақсы мінезбен тәрбие қылып, дүниеде һәм ахыретте бақытқа жеткізетін жол көрсетпек һәм мемлекетіміздің тыныш һәм рахат жасауы үшін қызмет етпек» дейді

[1,38]. Жастардың жаппай білімге ұмтылуы халықтың тұрмыс-тіршілігіне бағдар берді. Әрбір ата-ана баласын қандай жолмен болса да оқытуға тырысты. Жүйелі түрде жүзеге аспағанына қарамастан, кеңестік дәуіріндегі ең құнды жетістігіміз білім болды. Жаппай сауаттылыққа қол жеткізген соң арнайы білімді қажет ететін маман-дықтарды да меңгеріп, халықтың қоғамдық-әлеуметтік белсенділігі артып, хал-ахуалы, тұрмысы жақсарды. Көп санды ұлттық интеллигенция мен интеллектуалды элита қалыптасып, солар арқылы қазіргі тәуелсіз еліміздің жетістіктеріне ие болдық.

Оқу-білімді қазақ халқы орыс мектебі арқылы меңгерді. Бұл істің теріс нәтижесі де бар еді. «Халықта оқымаған адам қалмағаны жақсы, бірақ қазіргі сөзімізше сол оқудың тәртібі жаңа низам бойынша әлгі жас балалар орыс кітаптарыменен орысша оқып кетсе, тез уақытта тілін ұмытып, діннен де айырылып қалу қаупі бар» дейді [1, 39].

Кеңес дәуіріндегі қазақ тілі республикада мемлекеттік дәрежеде іс жүзінде шеттетілу арқылы қалалық жерлерде ең бір қарапайым қызмет жүйесінде де, тұрмыста да қолданыстан қалды. Ол тек белсенді әлеуметтік-қоғамдық тіршіліктен шеткері алыстағы ауылдарда ғана сақталды. Бүгінде бұл кемшіліктің салдарымен әлі де күресіп келеміз.

Зерттеу әдістері. «Халық деген бір тұтас тау, тас секілді нәрсе емес, бір-біреуден қосылған көп адамды халық дейді. Сондықтан жеке адамның қажеті мен халықтың қажеті – екеуі бір нәрсе». Жекенің қажеті оқу болғанда, халықтың қажеті оқу болмақшы. Жеке орысша оқып орыстанғанда, халық орыстанбақшы. Автор тілімен айтсақ: «Біздің қазақтың басшылары ғана қызығып, жер жүзінде еш халық дәреже көрмеген болыстықты зор абырой, бақыт көріп адасты. Талас қанына сіңді. Атадан балаға мирас болып қалды. Ерлеріміз адасып еді, еліміз де адасты. Сол адасудан әлі беті оңға бұрылған жоқ. Көздің жасын Құдай иіген кезде де жөнге түскен жоқ. Елдің серкесі ер болған соң қай салада да үлгі боларға тиіс. Орысша оқығандар өз бетімен кетіп, билік құмарлар өз жоғын түгендеп жүргенде ел де тозып болмақ [1, 312].

Оқуды амалсыз қазақ баласы орыстан оқуға мәжбүр. Бұл кезеңде әлемдік өркениет пен білімнің кілті, Абай айтқандай, орысша оқуда еді, бас-қадай жол жоқ-ты. М.Дулатов

бұл жайында: «Қазаққа орысша, мұсылманша оқудың екеуі де керек. Біріне артықшылық, біріне кемшілік беру қате» [1, 312], - дейді. Бірі тегінді сақтау үшін, бірі ілгері жылжу үшін. Алайда екі оқуды қатар оқығандар өте аз болатын.

«Қазақ» газетінде жұмыс істеген жылдары Міржақып Дулатұлының бойына біткен бар табиғи публицистік таланты толығымен ашылып, терең білімділігі айқын көрінді деуге болады.

Елдің оқу туралы көзқарасын өзгертіп, санасына ой салған соң, енді екінші баспалдақ – оқу орындары үшін уайым шегіп, қам жасайды.

Жатқа телмірмей, жәутенкөз болмай өз жұртыңды өзің сауаттандыру, білім саласын өз қолыңа алу халықты жаппай сауаттандырудың, орыстанудың алдын алудың ең тиімді жолы. Міржақып Дулатұлы публицистикалық мақалаларымен қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, мәдени, әдеби маңызы зор мәселелерін терең талдап, «Қазақ» газетінде жариялап отырды. М.Дулатұлы халықтың мұңы мен зарын сөз еткен, оның дұрыс жолмен шешілуіне ықпал жасаған публицистикалық еңбектерімен ұлт тәуелсіздігінің негізін қалыптастырғандығын «Қазақ» газеті арқылы айқындап берді.

Осы кезде қазақ баласы орысшадан мұсылманшаны көп оқиды. Орысша оқушылардың көбі аз оқып, үйде отырып қалады, тәуірірек оқығандары шенеунік болып, қызмет қуып кетеді. Ел ішінде тұрып, білгенін білмегендерге үйретушілер тіпті аз. Өзімізден алыстап, басқаларға жуықтай алмай жүрген әрі-сәрілер көп. Мұсылманша оқығандар болса, аз оқысын, көп оқысын, қазақ арасынан асып барар жері жоқ. Олар шенеунік бола алмайды, басқа жұрттың ішінде білімімен қызмет ете алмайды, ерікті-еріксіз елге шығады. Бұларға қазақ арасында бала оқытып, молдалық қылудан басқа орын жоқ [1, 95]. Бұл да жүйесіздіктің салдары. Әр білімді азаматты орынын тауып іске салмаса күші зая кетеді. Елден алыстап кетпес үшін оқығандарды мектеп-медресе салып, соған оқытушы болуына күш салады.

«Қазақ» газетінің бірінші жылғы сандарында көтерілген «ұлттың саяси еркі мен жерін өз қолына түгел алып болып, енді қазақтың өз жеріне, атамекеніне өзін сыйғызбай ығыстыра бастаған ақ патшаның зорлығы; халық санасын ояту мәселесі; қазақ қоғамын

темір құрсаудай қысып, бойын жаздырмаған ортағасырлық мешеулік; бірін-біріне айдап салып, билей беру мақсатында патша берген болыстық билікке таласу; ел қатарлы өз мүддесін өзінің қорғауына жол бермеген нағандық пен саяси құқықсыздық т.б. ұлттық деңгейдегі басты мәселелер болатын. Осы көтерілген өзекті мәселелер М.Дулатұлының 1913 жылы «Қазақ» газетінде жариялаған «Жер аудару», «Қазақ жайлы», «Шәкірттер жайынан», «Земство һәм қазақ», «Мектеп-медреселер мәселесі», т.б. мақалаларында қазақ ұлтының өмірі, ел тынысы жан-жақты бейнеленді. «Басқа жұрттарда, бізге қарағанда, школдар, мектеп, медреселер көп. Олардың байлары болыстыққа таласпайды. Мыңдап, он мыңдап ақшаны оқу жолына жұмсайды. Тіршілігінде қайыр сауқаты бар кісілер өлген соң да қалған дәулетінен өсиет айтып, оқу жолына үлес шығарады. Жұртына пайдасын тигізіп тұрған атақты адамдарын жақсы атпен атау үшін солардың құрметіне стипендиялар ашады. Бұл жұрттардың әр түрлі жәмғият хайриәлері болып, пақыр, міскін, жетім-жесірлерді тәрбиелеп, оқуға мұқтаждарды сүйеп, жәрдем береді. Қазақ осыдан үлгі алса екен» дейді [1,131].

Жұртқа бірдей жақсылық таңы атқан 1905 жылдан бері біздің қазақ жұрты да басқалардың дүбіріне елендеп, солардың ісіне еліктеп, ұлт пайдасын қолға ала бастады. Сол бостандық жылдарында Семей облысының оқыған басшылары көзге көрініп іс қылып, жұртқа көсемдікпен жөн-жоба көрсеткені үшін алды абақтыға жабылып, арты айдалып, қалғандары сенімсіз болып қалды.

«Қазақта туысқандық, достық баянсыз. «Бүгінгі дос – ертең жау», аңдығаны ағайын, айтқаны өтірік, жапқаны жала, ақ көңіл, адал ниет жоқ деп, данышпан Абайды кемірген дерт көбінесе осы еді. Ертеден қалыптасқан дала заңы жойылып орыс үкіметінің заңы орнаған тұстан бастап қазақ даласында сатқындық, арызқойлық белең ала бастады. Бұл жағымсыз мінездердің өрши түсуіне бір себеп орыс үкіметінің арызқойлар мен сатқындарды жазасыз қалдырып, керісінше олардың істерін қолдап жемісті етуі еді. Орыс үкіметінің аңсағаны да осы болатын. Арызы қабыл болып, үстінен арыз жазылған адамы абақтыға жабылған соң арыз беруші сөзі өтімді, өзі беделді, ел сыйлайтын азамат болып шыға келді.

«XX ғасырдың таңы атып, өзге жұрттар

өрге ұмтылғанда, біз өзді-өзімізді аңдуды бұрынғыдан да арттырып жібердік. Өзге жұрт өнер-білім, кәсіптің жаңа түрін тапқанда, біз даудың, пәле-жаланың жаңа түрін таптық-дейді [1,233].

М.Дулатов халықтың көзін ашуды өзінің борышы санайды. «Біз хайуанды мінеміз, жұмысқа саламыз, етін жейміз, сүйегін кеміреміз.

- Неге?

- Хайуанда тіл жоқ, білім жоқ, ақыл жоқ, өнер жоқ. Сондықтан ол қарсыласа алмайды.

Біз байларға, жиһангерлерге, білімді жуандарға құл болдық.

- Неге?

- Хайуан секілді тілсіз, көзсіз нағанд болдық. Айтқанына көніп, айдағанына жүріп, жарлығына бойсұндық. Хайуан секілді құл болдық» [2, 40]. Бұның бәрі де халықтың қараңғылығынан, білімсіздігінен болған дүние. М.Дулатов тығырықтан шығар жолы тек оқу арқылы, оқысаң ғана теңдікке жетесің. Оқыса, көзі ашылып, адамшылыққа, теңдікке ұмтылып, құлдықтан құтылатын еді. Бір байдың рахаты үшін мыңдаған адам хайуан есебінде азап шегуден азат болатын еді дегенді айтады.

Қазақ оқыса өзіне билікті өзі айтар еді. Қазақ салтын білмейтін орыстың қолында қор болмас еді. «Сот түзелмей, халық түзелмейді. Сот халықтың жайын, рәсімін, тілін білмесе, сот емес, ол – сор». Орыстың соты сор болғаны анық. Бірақ та қазақтың өзі де сот билігін қолына алғанда арыздан көз ашпап еді. Орыстың соты сол олқылықты түзеуге емес, халықтың асыл азаматтарын құртуға келген сор болатын.

«Ешкімге бағынбаған, тірі жанға жалынбаған, еркі өзінде ерке жауынгер, ержүрек, жігерлі, өзі көсем, серке еді. Ақ көңіл, ақ жарқын, уағдашыл, айтқан сертке берік еді.

Бұл кім десеңіз?

Қазақ еді.

Сарыарқаны жайлаған, есепсіз мал айдаған, соны қоныс, тұнық су: шалғынға бие байлаған, көл жағалай ел қонып, ат шаптырып, той қылып, мереке қызық күн сайын, жарыс салып, жас ұлан, қыз-бозбала ойнаған, уайым жоқ, қайғы жоқ.

Бұл кім еді десеңіз?

Бұл қазақ еді.

Құл болды, қор болды. Жайылып, жатқа бас ұрды. Басынан ерік, малынан билік кетті. Жер мен судан айырылды. Жігері қатты жасы-

ды. Қоян жүрек қорқақ болды. Партия деген пәлеге жолықты.

Бұл кім?

Бұл да - қазақ» [2,9]. Неліктен мұндай күйге түсті. Ерлігінің жоқтығынан емес, бірлігінің жоқтығынан, тексіздігінен емес, ессіздігінен, білімсіздігінен болғандығын ашына айтады..

Езілген жұртты Еуропалық үлгіде қайта гүлдендіру үшін күрес алаңына Абай және Абай жолын берік ұстанған Алаштықтар шықты. Ұстанған бағыттары – жәдиттік жолы болатын.

Ғылыми әдіснама. Біз жазып отырған сана күресі ертеде басталған. Алаштықтар сол күрестің жарқын көрінісі. Жаңаша ойлауға ұлтты жаға сатыға шығару жолында болған бұл күрес тарихта «жәдиттік бағыт» деп аталады. «Жәдидизм «усул-ү жәдид» (жәдит тәсілі) алғашқы түрік зиялылық қозғалысы болып табылатын жәдитшілік қозғалысы он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысының басында тіл, оқу-ағарту және дінмен байланысты салалардағы жаңару қозғалысы ретінде басталған. Бұл қозғалыстың көшбасшылары Абдүлнасыр Курсави (1770-1814), Мұһабеддин Маржани (1815-1889), Абдулкаюм Насыр (1824-1907), және Һусейн Феизһани (1826-1866) болды. Жәдитшілік – Ресейдегі түрік халықтарында болған экономикалық өзгерістердің нәтижесінде және осы өзгерістердің ықпалымен жанданған ояну, жаңалық қозғалысы. Кейінірек «Усул-ү жәдид» қозғалысы бүкіл түрік әлеміне тарау жолын іздеді. Қазақ даласыда Абайдың өлеңдерінде көрініс тауып, «Оян, қазақ!» болып жанданды.

Бұл қозғалыс ең алдымен ағарту саласында жаңалықтар енгізуді мақсат еткен. Татар мектептерінде жаңа оқу әдісінің қолданылуының талқылануы кезінде ескі әдісті қолдайтын «қадимшілер» жаңа әдісті қолдайтын «жәдитшілдер» арасында бір тартыс басталған болатын» [3,116],-деп Яшар Шахиноғлы «Жәдитшілік және Исмаил Гаспаралы» деген мақаласында өз ойын ары қарай өрбітеді. Бұл пікірмен бізде толық келісеміз. Жәдитшілдер мен қадимшілдер арасында тартыс ұзаққа созылған. Бір-бірін үнемі сынап отырған. Бұл талас-тартыста дерлік жәдит бағытын ұстанған ғалымдар жеңіске жетіп отырған. Өйткені жәдитшілдер дін ілімдерімен қатар заманауи пәндерді де медреселерде оқытуды қолдаған. Қадим мектептері 1905 жылдан кейін күрт кеміп кетті. Оның себебі жәдит мектептері

маңызы жағынан одан жоғары тұрды. Сабак төте оқу бойынша жүріп, әдебиет, тіл, есеп, тарих, табиғаттану пәндері қамтылды. Мамандар Уфадағы Ғалия, Хусайния, Орынбордағы Мухамедия мен Қазан медреселерінен келді. Жәдит мектебін бітіргендердің болашағы да болды. Өйткені одан кейін Уфа, Қазан медреселерінде оқып, тілмаш, хатшы қызметтерін атқаруға мүмкіндік туды.

Л.Жұмалиеваның жоғарыдағы пікірін әріптесі ғалым Д.Қыдырәлі де қолдайды. Ол өзінің ғылыми зерттеуінде былай жазады: Жәдитшілердің пікірінше, мұсылмандардың артта қалуларының негізгі себебі мұсылмандардың дінді, соның ішінде діннің қайнар көзі Құран Кәрім мен хадисті дұрыс түсінбеуінің және ағарту ісінің заман талабына сай жолға қойылмай отыруынан туындаған еді. Ал, ескілікті жақтаушы қадымшыл молдалар болса, жәдитшілдердің бұл пікірімен келіспейтін еді». Міне, сондықтан, жаңашылдар мен қадымшылдар арасындағы алғашқы келіспеушіліктер де дін негіздері мен мектеп медреселер төңірегінде бас көтерген болатын. Ескішіл бағытпен жүріп сан ғасыр артта қалған қазақ елі тіршілік бәсекесінде орын алуы үшін Еуропалық үлгіде дамуы тиіс. Міржақып Дулатов осы пікірді ұстанған болатын.

Д.Қыдырәлінің пікірімен үндес келетін пікірлер көп, солардың бірі зерттеуші ғалым Қ.Жамалов. Қ.Жамалов 2003 жыл «Ұлт тағлымы» журналында берген ғылыми зерттеуінде мынадай қызықты дерек келтіреді «Қазақ даласында ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында кең тарай бастаған тағы бір әлеуметтік қозғалыс татар халқының алдыңғы қатарлы зиялы қауымының арасында пайда болған жәдитшілдік «жаңашылдықтың синонимі... оның жақтастарының кертертпалыққа қарсы күресі» болды. Жәдид – қоғамдық өмір жаңаруы, ол араб сөзінен аударғанда «жаңа» дегенді білдіреді.

Нәтижелер мен талқылау. Жәдитшілдік патша үкіметінің отарлық саясаты негізінде пайда болып, оның негізін қалаушылардың қойған талаптарының Ресей орталығындағы мұсылман халықтарының нақты сұраныстарына сәйкес қалыптасты. Оның қатарына өткен өмір салт-саналарының қарсыластары, алға өрбудің ғылыми негізін қалауға талпынушылар, ағартушылықтың жаңа жолын ұстауды дәріптеушілер бірікті. Осындай бірі-

гудің нәтижесінде «Алаштықтар» атты топ пайда болды. Тарихи заман қоғамдық санасы туралы деректі «Айқапта» жаңаша оқу туралы жазылған «Көкшетауда көргендерім» деген мақаладан келтіретін болсақ, онда «Енді мұнан былай балаларыңызды орысша, мұсылманша бірдей оқытып, діні мен күндеріне бірдей ие болатындай қылып тәрбиелей көріңіздер...» деген жәдидшілдік оймен қатар Науан қазірет айтты деген қарсы қоғамдық пікірдің болғанын көреміз.

- Құдай сақтасын, газет журнал һәм жаңа шыққан кітаптар болса, алып оқымақ түгіл қолдарыңызға да ұстамаңыздар... және Құдай сақтасын, төте оқумен оқытатын мұғалімдер ұстап балаларыңызды бұзып алып жүрмеңіздер, одан қайта надан болып қалғаны артық...

Жастардың тәрбиесі мен сауат ашу мәселелері жәдидшілердің назарында болды. Ескі қадімдік оқу арқылы уақыт талабына жауап беретін мамандар даярлаудың мүмкін еместігін көре білген олар оқу орындарында реформалар жүргізілуін, ана тілі мен орыс тілдерін кіргізуді қолдады» [4, 126-127], – дей келе олардың жаңа бір белесіне Шоқан, Ыбырай, Абай бастаған халық ағартушыларын қосады.

«Тәржіман» өз тұсында көп мәселе көтерді. Алайда соның ішінде ең сүбелісі – түркі мұсылмандарының ағаруы мен дамуына тікелей байланысты іс-әрекеттер тетігін көрсетуі еді. Олар: 1) мұсылман халқының білімін реформалау – жәдидшілдік құбылысы, үдерісі; 2) рухани күшті (білім, баспасөз, әдебиет, дін, т.б.) елді ағартуға жұмылдыру; 3) саяси сергектікті насихаттау. Ысмайыл Гаспыралының түркі-мұсылмандарына арнап айтқан «Тілде, пікірде, істе – бірлік!» ұраны реформаторлық ісінің нақтылығын, бейбітшілік пен өркендеуді өзек еткенін айғақтайды. Балаға әліппені дыбыстап үйрету (оқу) әдісінен бастап (мұсылман елдерінде араб тілін буындап оқыту қалыптасқан) әлемдік дүниелік білімді (жаратылыстану, техника, т.б.) тездетіп меңгертуге дейінгі аралықты қамтитын төте жол немесе өзгеріс жолы – И.Гаспыралының жәдидшілдігіне негіз болды. Ағартушының 1884 жылғы «Ходжа-и субьян» (балалар мұғалімі) атты оқулығы қазан татары, башқұрт, қазақ, өзбек, әзербайжан, қырғыз, түрікмен, кавказ түріктері (ноғай, құмық, қарашай, т.б.), османлы түркі, үнді, тәжік, солтүстік парсы, шығыс қытай мұсылмандары арасына кең тарап, білімнің жаңа дәуірін бастады. Гас-

пыралының жәдидшіл білім жүйесі: мектеп (бастауыш) – мектеп-рушдие (орта мектеп) – медресе (жоғары мектеп) бірлігінен тұрды. Сабақ құрылымына дүниелік білімдер бағыты енгізіліп, баланы жазалайтын байырғы әдістердің баршасы адамшылық, жауапкершілік әдістеріне алмастырылды. Тарихи факт ретінде айтуға болады, Ы.Гаспыралының осы бағыттағы тұңғыш мектебі 1884 жылы ашылды. 1895 жылы бір Бақшасарайда 7 жәдид мектебі болды. Жаңа, жүйелі идея тез қолдау тауып, Еділ бойы мен Түркістан-ның сан жүздеген мектептері кешікпей осы бағытқа түсті. Ағартушы осы мектептер үшін «Ходжа-и субьян» бағытын жалғастырып, 1886 жылы «Кираат-и тюрки» («Түрік тілінде оқу»), 1892 жылы «Атласлы джаграфия» («Атласты география»), 1897 жылы «Мухтасар хисаб ва мисал» («Қысқаша арифметика»), 1902 жылы «Сарф-и тюрки» («Түрік тілінің морфологиясы») оқулықтарын жазды. Өр ұрпақ ағартушы, қайраткер Ы.Гаспыралыға өз білік-білім деңгейінде баға берді. Мысалы, Алаш кезеңі, дәлірек айтсақ, оның көсемі Әлихан Бөкейханов бұл қайраткерді «тарақи жолындағы мұсылман басшысы Ысмағұл мырза Гаспрински» деп таниды («тарақи» немесе «таракки» – «прогресс» деген еуропалық сөздің мұсылмандық баламасы). Қазақта тұңғыш журнал («Айқап») ашқан Мұхамметжан Сералин ағартушы қазасына байланысты мақаласында: «Күні кеше жұрт қамы үшін қайғырып жүрген бір Асан қайғымыз арамыздан жоғалды. ...Жеңіл тәртіппенен оқытудың пайдалы екендігін, өзіміздің ана тіліміз сүйкімсіз тіл емес, ең қадірлі тіл екенін білдік. Тілсіз жұрт жансыз жұрт секілді екенін аңғардық. Біз бұрын жансыз өлі кеуде едік, Гаспринский бізге жан бітірді, өлі денеге рух кіргізді» деп жазды. Қазақтың көрнекті саясат және қалам қайраткері М.Дулатұлы: «Русия мұсылмандарының ұстазы, мұсылмандардың жақсылығына сүйініп, жамандығына күйініп отыратын Исмағилбек Гаспрински» десе, елдегі атақты әулеттің өкілі Садуақас Шорманов: «Ысмағылбек Гаспрински жәнаптары «Тәржіман» газеті жарыққа шыққаннан бері қарай қазаққа «Қала бол, сол уақытта өнерге аяқ басар-сың» деп неше түрлі сөзбен артықшылығын көрсете келеді. Құлаққа алған болды ма?.. Біздің кейбір ескі ойлы адамдарымыз төте оқудан қорқады, бұ қорқу да

ұнамсыз деп түсінеміз» деп бағалады. Мұстафа Шоқайдың «Бірлік туы» газетіндегі серігі, көрнекті қаламгер Хайретдин Болғанбаев: «Исмағилбек сынды ерді жоқтап, мұңайып, қамығып қана қоймай, оның салған жолын, көздеген арманын, қылған қызметтерін ойлап, сол жолды өзіне жол танып, сол арманды өзіне Қағба біліп, солардан ғұмырда айырылмауға өз-өзіне ант беру керек. Рахметті бабамыздың көздеген арманы ұлтын ілгері бастыру еді, түскен жолы ұлтын сүю еді. Біз, шәкірттеріне де, бұлар – парыз. Бұл істерін ұмытпау – біздің борышымыз» деп серт береді.

Мұхтар Әуезов те Абай туралы жазған еңбектерінде Ы.Гаспыралының тарихи рөлін еске алып отырады. Мысалы, әйгілі абайтанушы бір тұста: «XIX ғасырдың екінші жарымында Шығыс ілімінде майданға шыға бастаған жаңашыл, рационалшылдар дін реформашыларының ішіне араласады... Жәләлиддин Ауғани, Мұхамет Ғабуһи, Шиһабидин Мәржани, Смағұл Гаспринский... Кезі келіп, өріс алса, әлеуметтік жұмысқа ру мен ауыл шегінен шығып, мемлекеттік масштабта араласса, Абайдың шындап тоғысатын кісілері осылар» деп орағыта шындықты айтса, енді бір жерде: «Тәржүмән» газеті Абай кезінде қазақ сахарасына да көп тараушы еді» деп, көмбенің бір шетін көрсетіп кетеді. Қазақ тарихында Ы.Гаспыралы туралы алғашқы тәржімхәлдің бірі – «Қазақ» газетінде Түрік баласы жариялаған «Исмағұл бек Гаспринский» атты мақала. «Алаш жазбасында» Ысмайыл Гаспыралы алдына қойған мақсатын абыроймен атқарып, тұтас түркі халқының «зор тәрбиешісі, ұлығ ұстазы, ардақты атасы» болғаны жазылған. Біздіңше, осыдан бір ғасыр бұрын берілген тарихи баға әлі құнын жойған жоқ, - дейді, Қазақстан Республикасы ҰҒА академигі Дихан Қамзабек.

М.Дулатұлының Абайға арналған алғашқы қысқа ғана мақаласы татардың «Уақыт» газетінде 1908 жылы жарияланған. Ақынның ой-өрісі, білім деңгейі, туған жері, шыққан ортасы айтылып, әдеби мұрасына жалпылама баға берілгендігі айтылады. 1914 жылы «Қазақ» газетінде басылған «Абай» мақаласы ақынның қайтыс болғанына он жыл толуына орай арналып жазылған. Мұнда әдебиеттің, оның көрнекті өкілдерінің халық тарихында алатын орны айрықша бағаланады. Абайдың қадірін білмеу, оны елеп ескермеу ұлттың үл-

кен кемшілігі ретінде аталады, әдебиет елдің жаны деп көрсетіледі.

Абай қазақтың жаңа әдебиетінің басы, негізін салушы деген тұжырым, алғашқы жарық жұлдыз деген балама. Орыстың бірінші жазушысы Ломоносов деп санап, Абайдың өз халқының тарихындағы орны онымен қатарлас деген салыстырма жасайды. Абай шығармаларын жариялау, насихаттау, оның есімін мәңгі есте қалдыру үшін мұражайлар салдыру керектігін толғана сөз етеді.

Абайдың қазақ халқы тарихындағы мәртебелі орнын басқа елдер әдебиетімен сабақтастықта алып қарап, дәл тауып, дұрыс бағалап берген М.Дулатұлының келешек заманда ұлы ақынның атақ-абыройы, мерей-даңқы өсіп, жаңа буынмен емірене табысатынын ерекше көрегендікпен көре білген. Абай шығармаларындағы сарын-әуезді, ой-пікірді, идея-нысананы алаш азаматтары терең сезіп, тебірене насихаттайды.

Қорытынды. Алаш арысы қазақ халқының XX ғасыр басындағы әлеуметтік жағдайын тұтастай қалпында қабылдап, ұлттық сананы жаңғыр-тудағы өміршең идеялық ойларын «Қазақ» газеті арқылы саралап берді. Өмірінің соңына дейін күрескерліктен танбаған, елін азат етуді басты мақсат еткен, білім, ғылым, саясат, медицина, жалпы адамзатқа қатысты құндылықтарда ешкімге тәуелді болмауды көкसेген, қоғамның әртүрлі саласындағы түйінді мәселелерді ашып көрсетіп, одан шығудың оң жолын көрсеткен М. Дулатов әлі де тың зерттеулерді қажет етеді.

Жаңашылдық, ізденіс пен ғылым-білімді дамыту – уақыт арнасын өзгертетін ұлы күш. Осы ұлы күшті ұлт үшін тиімді пайдаланған жағдайда ғана елдің ұлы көші түзіледі. Ол үшін тарихтан тәлім алып, жаңа заманның ілімін игеру қажет. Ел болашағын ойлаған кемеңгер тұлғалардың барлығы да болашақтың кілті білімде екенін айтып кеткен. Білім мен ғылымды үйренген халық ғана мемлекет келешегін екшей алады. Бұл сөзімізге тарихтан тарыдай ғана дәлел келтірсек жеткілікті деп ойлаймын. Алаш арысы, ұйықтап жатқан ұлтты оятуға өмірін арнаған қайраткер Міржақып Дулатовтың еңбектерін ақтарып отырып, мына бір дерекке көзім түсті.

Әдебиеттер тізімі

1. Дулатов М. Бес томдық шығармалар жинағы. Көсемсөз, әдеби-сын және зерттеу мақалалары. - Алматы: «Мектеп» баспасы, 2003.
2. Қазақстан тарихы әдістемелік журнал. – 2005. – 1 (18). - 80 б.
3. Түркология журналы. 2006. - №3 (23). - 128 б.
4. Ұлт тағлымы журналы. - 2003. - №3. - 268 б.
5. Күзембаев Ж. Міржақып Дулатұлы және «Қазақ» газеті. // «Егемен Қазақстан». - 10 тамыз 2021 ж.

References

1. Dulatov M. Bes tomдық shygarmalar zhinagy. Kosemsoz, adebi-syn zhane zertteu makalalary [Collection of works in five volumes. Prepositional, literary-critical and research articles] (Publishing House "School", Almaty, 2003).
2. Kazakstan tarihy adistemelik zhurnal [Methodical Journal of the history of Kazakhstan], 1, 80 (2005).
3. Tyrkologija zhurnaly [Journal of Turkology], 3 (23), 128 (2006).
4. Ult taglymy zhurnaly [Journal of National Education], 3, 268 (2003).
5. Kuzembayev Zh. Mirzhakyp Dulatuly zhane «Kazak» gazeti [Mirzhakyp D. and the newspapers "Kazakh"], "Egemen Kazakhstan", August 10, 2021.

S.E.Tapanova, A.K.Umbetova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

National values in publicistic works of M.Dulatov

Abstract. The study of the journalistic works of Alash veterans is not only the main task of today, but also necessary for us to look into our past, analyze our present and guide our future. This task is especially important for our country, which lives in modern conditions of independence and is becoming known to the world.

Mirzhakyp Dulatov was an educator of the Kazakh people, who held a democratic orientation. In addition to his poetic manifesto "Oyan, Kazakh", he developed a new methodology for the textbook of Kazakh literature and presented a new project for teaching in national schools. His ideas took the development of the Kazakh people to a new stage.

Mirzhakyp Dulatov's work is distinguished by its versatility. He is a poet, a master of speech. He is a person who saw all the hardships of a turbulent period and loved his nation very much. Therefore, we tried to consider Mirzhakyp Dulatov's work in the framework of that period, in unity with the political and cultural environment, as a whole.

Keywords: Kazakh press, journalism, article, national idea, mass media, newspaper «Kazakh», leader of human rights.

С.Е.Тапанова, А.К.Умбетова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Национальные ценности в публицистических трудах М.Дулатова

Аннотация. Изучение публицистических произведений ветеранов Алаша является не только главной задачей сегодняшнего дня, но и необходимо нам для того, чтобы заглянуть в свое прошлое, отличить свое настоящее и направить свое будущее. Эта задача особенно важна для нашей страны, которая живет в нынешнем состоянии независимости и становится известной в мире.

Миржақып Дулатов был просветителем казахского народа, идущим по демократическому пути. Наряду со своим поэтическим манифестом «Проснись, казах» он создал новую методику учебника казахской литературы и предложил новый проект преподавания в национальных школах. Его идеи подняли развитие казахского народа на новый уровень.

Творчество Миржақыпа Дулатова отличается многогранностью. Он поэт, мастер пословиц. Это личность, видевшая всю боль бурного периода и любившая свой народ, поэтому мы попытались рассмотреть творчество Миржақыпа Дулатова в контексте того периода, в единстве с политической и культурной средой.

Ключевые слова: казахская пресса, журналистика, статья, национальная идея, средства массовой информации, газета «Казах», право лидера.

Авторлар туралы мәлімет:

Тапанова С.Е. - филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Умбетова А.Қ. - филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Tapanova S.E. - Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Umbetova A.K. - Candidate of Philology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.